

Л 2007

101 к

КТЕП КІТАПХАНАСЫ

# БЕЙБІТ ҚОЙШЫБАЕВ

## ЖАҚСЫ КӨРЕМ





Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

# ЖАҚСЫ КӨРЕМ

*Әңгімелер мен повестер*



Алматы  
2006

ББК 84 Каз 7-44

Қ 60

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр**

Қ 60 **Қойшыбаев Б.**  
**ЖАҚСЫ КӨРЕМ: Әңгімелер мен повестер. – Алматы:**  
**“ҚАЗАқпарат”, 2006. – 170 бет.**

ISBN 9965-654-20-4

Белгілі жазушы Бейбіт Орынбекұлы Қойшыбаевтың бұл кітабына қала мен ауыл мектептерінде оқитын жеткіншектер мен жасөспірімдердің тыныс-тіршілігінен сыр шертетін туындылар енген. Айрықша жүйемен түзіліп біріктірілген мөлтек және ұзақ әңгімелер, шағын хикаяттар мен повестер балалардың оқуы, қоғамдық жұмысы мен әуестік ауқымын мейлінше кеңінен камти көрсетіп, өзінше біртұтас өскелең ұрпақ әлемін құрайды. Жинақ орта және жоғары сыныптарда оқитын мектеп оқушыларына арналған.

ББК 84 Каз 7-44

Қ 4702250201  
00(05)-06

ISBN 9965-654-20-4

© Қойшыбаев Б., 2006

© “ҚАЗАқпарат”, 2006

## ЖАС ОҚЫРМАНДАРҒА

### *Қымбатты балалар!*

Өздеріңе арнап кітап жазу еш уақытта да оңай болмаған. Бұл әсіресе бүгін, біздің еліміздің тәуелсіз дамуының жаңа белесі тұсында орындалуы мүлдем киын шаруа. Өйткені қазіргі жас ұрпаққа шығарма ұсыну жауапкершілігі мемлекеттік егемендік сынды ұлы өзгеріс кезеңі алға қойған биік міндеттерден туындайды.

Алдымызда тұрған асқаралы мұраттардың бірі – егемен қоғамның жаңа адамын тәрбиелеу. Біздің тәуелсіз ертеңімізде бүгінгі өрімталдар буыны, яғни сендер өмір сүретін боласыңдар. Адамзаттың жаһандану секілді жаңа сынына бетпе-бет келетін де, сол үдерістің тиімді жағын пайдалана отырып, еліміздің таң-тамаша сәулетті болашағын құратын да, оның қызығын көретін де сендер – бүгінгі тәуелсіздігіміздің құрдастары, оның ертеңінің жас құрылысшылары.

Қымбатты балалар, сендер қоғамымыздың қазіргі даму кезеңінде өз бойларыңа заманымызға лайық жаңа адамның негізгі қасиеттерін қалыптастырып келесіңдер. “Жаксы көрем” кітабының мақсаты сендердің – қазіргі өскелең ұрпақтың жансерігі қатарына қосылуға септесу. Осы орайда, “Жаксы көрем” өздеріңе аяғын заманымен тең басқан, әрдайым уақыт талабына сай болуға тырысқан жекелеген балалар мен олардың бастан кешкен оқиғалары туралы әңгімелейді.

Шынтуайтқа келгенде, бұл кітап сендердің ата-аналарыңның бүгінгі өздеріңдей шағынан сыр шертеді. Әке-шеше, ата-әжелерің де сендердей бала болған, тек олардың балалық шағы басқа мемлекетте, дұрысында, елімізде басқа мемлекеттік құрылыс билігі дәуірлеп тұрған кезде өткен. Сендер үшін бұл, менің қымбатты жас достарым, мүлдем беймәлім әлем. Онда қоғамдық құндылық өзгеше болды, ол заманда тілі жаңа шыққан сәбиден бастап, еңкейген қартқа дейінгі ел-жұрттың санасына саясаттандырылған ұғымдар қилы жолмен сіңірілді. Ол заман Кеңес өкіметінің жетпіс жылдық ғұмырындағы бір мамыражай, бертінде “тоқырау” деп аталған, әйтсе де осы бір келісімсіздеу тағылған таңбаға қарамастан, өз уақытында әлеуметтік мәселелерді біршама тәуір шешіп, тұрмысты едәуір жақсартқан кезең еді.

Енді оның бәрі – өткен тарих. Біздің бүгінгі тәуелсіздігіміздің

қадірін тереңірек білуге септесетін тарих. Осынау қымбатты тәуелсіздігіміздің ертеңін баянды етуге қызмет ететін тарих. Бұл кітап сол тарихтың кішкентай қатысушылары ғұмырынан көркем сыр шертеді.

Әр туындының балғын оқушыға әлдебір пайдалы мағлұмат әкелуі шарт. Сол себепті кітапқа енген шығармалар ара-жігін аса ажыратып болмайтын әр түрлі жанрда жазылды. Және туындылар барша өрімтал ұрпаққа ортақ бір арнада бәрін тоғыстырар-ау деген тұстарға сай бірнеше бөлімге жүйеленді.

Балалық шақтың аса бір әсерлі кезеңі жеткіншек жасына дөп келеді. Осы бір ғажайып кезеңге кітаптың екі бөлімі арналып отыр.

Жеткіншектердің күнделікті өмірінің, қоғамдық-пайдалы іс-әрекеттерінің кей көріністерінен алғашқы бөлімнің әлемі хабардар етсе, келесі бөлімде адалдық, асыл мұратқа берілгендік рухында өсіп келе жатқан балалардың бастан кешкен оқиғасы баяндалады.

Үшінші бөлім оқырмандарды жеткіншектіктен өтіп, жасөспірім шаққа қол созған жоғары сынып балаларының тыныс-тіршілігімен таныстырады.

Осындай құрылымда түзіліп, мөлтек және ұзақ әңгімелерден шағын хикаяттар мен повестерден құралған бұл кітап сендер үшін, сендердің ата-аналарының жақсы көру, жақсыға құмарту, жақсыдан үйренуге ұмтылу, жақсы көре білу сынды ғажап сезімдерге тұнған балалық әлемін суреттейді. Өздерінің рухани кәделеріңе жаратарсындар деген үмітпен сол әлемді осынау кітап түрінде алларыңа тартамын, қымбатты жас оқырмандар. Оқыңдар, біліңдер.

Аға ұрпақ ғұмырының ғажайып балалық шағын танып-білуге бүгінгі өскелең өреннің айрықша қызығушылық танытарына сенемін.

*Автор.*

*15 мамыр, 2006 жыл,*

*Алматы.*

## АНАҒА АРНАЛҒАН ТАРТУ

Жексенбі күні Мейір ерте тұрып кеткен. Кластастарымен бірге қала сыртына жауказын гүлін теруге бармақ екен. Түске қарай оралды. Әп-әдемі қызғалдақтар мен сарғалдақтарға құшағын толтырып оралды.

Үйге кіре сала гүлдерін үстел үстіне тастай салды. Сосын өзінің әлдебір құпия шаруаларымен айналысып кетті.

Ә дегенде әсем гүлдерді қызықтап мәз болғанмен, кішкентай Нұргүл ағасының өзінен тығылып бірдеңе істеп жүргенін бірден сезді. Жүгіріп барып бөлмесін қарады. Кеше ғана аквариум артында жасырулы тұрған қорапты іздеді. Онда әлдебір тастар, түйір-түйір қорғасын, ұзын-ұзын инелер жатқан-ды. Қорап орнында жоқ.

“Түсінікті”, – деп ойлады алты жасар Нұргүл. Қабағын түйді. Ернін бұртитты. Мейірді іздеді. Қайла тығылды екен?

Бөлмелердің бәрін ашып шықты. Ақыры ас үйге келді. Сонда көрінеді. Есігін ар жағынан орындықпен тірей жауып қойыпты.

Нұргүл тұтқаны олай-бұлай жұлқып байқап еді, ашылмады. Сосын мойнын созып, шыныға танауын жапсыра сығалады.

Үстел үсті асай-мүсей заттар. Мейір газдың көгілдір отына қысқашпен консерві қалбырын ұстап тұр.

Қуын қарашы, білдірмей...

Нұргүл есікті бар күшімен, қос қолдап тұрып итерді. Орындық әрі ысырылды.

Мөлт-мөлт етіп сынапша лыпылдаған сұйық қорғасынды кірпіше тікелейген инелері бар әлдебір қалып ішіне құйып болып барып, Мейір кішкене қарындасына мойын бұрды.

– Неменеге баса-көктеп келесің? Мұнда саған қарап тұрған шаруа жоқ.

– Ал, сен не істеп жатырсың? Көрейінші.

– Ештене. Әрі кет, күйесің. Мынау ыстық. Одан да бар, ана балықтарыңа жем сал. Сандуғашыңның торын тазалап па едің? Қазір мамаң келгенде не дейсің?

– Көрейінші, сонсоң істеймін.

– Мейлің онда, – деп Мейір иығын көтерді.

Шаруасымен айналыса берді. Біраздан сон:

– Жүгір, жаңағы гүлдерді осында алып келші, – деді.

– Мақұл, әкелем, – деп Нұргүл оның жұмсағанына тіл алғыш бала әдетімен құлшына жауап қайырды.

Ұша жөнелді. Гүлдерді құшақтап қайта жетті. Мейір оларды бір-бірден алып, сабағының түбін пышақпен тегістеп қырка бастады.

Үлкен қоңыр керамика тарелканың ішіне сояудай-сояудай тебен инелері сорайған қорғасын пластинкалар салып қойыпты. Қызғалдақтарды соған шаншып жатыр.

Бірі биік, бірі аласа болып, қызыл гүл, сары гүл табактың ішінде өсіп тұрғандай, жараса кетті.

Гүлдерді инелер таусылғанша орналастырды. Сосын Мейір қарындасына ойнауға бермей жүрген түрлі-түсті жылтыр тастарын да табакка салды. Одан кейін су құйды.

Енді мына гүлдер көлшіктегі тастарды жарып өсіп тұрғандай әсер беруде. Ғажап. Көркем. Нұргүл таңырқағаннан аузын ашты да қалды.

Ұнады ма? – деп оған ағасы төбесінен төне қарады.

Нұргүл көзі жайнап, басын изеді.

– Мамама сыйлаймыз. Бұл саған жай ғана ваза емес. Бұл – үйдің ішінде құлпырған табиғат көрінісі.

Мейір үстел үстін жинастыра бастады. Ішінен мақтаныштан жарылғалы тұр.

Кішкене Нұргүл оған сүйсіне қарады.

Ағасының қолынан бәрі келеді! Қазір есіктің қоңырауы шылдыр етсінші. Нұргүл бірінші боп жетсін әшейін. Сосын айтсын мамасына мына кереметті...

## ҚЫРСЫҚ

Қарсы алдымда тұрған қоңыраулы сағат шырылдап қоя берді. Қолымды созып түймесін бастым да, көзімді алмай оқып отырған кітабымның соңғы бетін бітіріп, сарт жаптым. Сосын бір керіліп алдым да, орнымнан тұрдым. Том мен Гектің бастан кешкен қызықты хикаясын көз алдыма қайта елестете тұрып, киіне бастадым.

Осы кезде телефон шылдырлады. Мамам екен, әдетінше менің сабақтан келгеннен кейін не істеп, не қойғанымды және Қарашашты балабақшадан әкелуді ұмытқан-ұмытпағанымды сұрастырып жатыр.



– Кетіп барам, міне, жүгірдім, – деп айқайладым.

Шынымен сөйттім. Пальтомның жеңіне қолымды сұға салып, есікті құлыптадым да, төмен карай зымырай жөнелдім. Төртінші кабаттан түсіп сыртқа шыққанша, киімімді дұрыстап, түймелерімді де салып біттім-ау.

Ымырт үйіріле бастаған. Үйдің жанындағы аялдамада жұрт кара құрымдай қаптайды. Қар табан астында шықыр-шықыр етеді. Мен жағамды көтердім. Ересек адамша, аяғымды салмақтана басып, көше бойымен жүріп келемін.

Мені тындырымды емес деп кім айта алады? Мамамның тапсырғандарын екі етпеймін. Сүт пен нан әкелу менің мойнымда. Балабақшаға да мен барам. Өзім бесінші класта оқимын. Үлгерімім өте жақсы. Әдеби кітаптар оқудан класс бойынша алдыма жан салмаймын. Оқып қана қоймаймын, артынша-ақ сол шытырман оқиғалардың бел ортасында өзім жүрем.

Менің қиялым, бейне-бір кинодағыдай, капитан Немоның сүңгуір қайығымен Арктиканың мәңгі мұзын ерітіп, жол сап бара жатқанымды да, тылсымды апаттың сырын ашар белгілерді Шерлок Холмс тәрізді сараптап тұрғанымды да, Сүлеймен патшаның кенішін Алатау қойнауынан тапқанымды да, қызыл түстілер қатарында арам пиғылды ақ адамдармен жан аямай шайқасып жүргенімді де сұмдық қызық етіп, көз алдыма талай мәрте әкелген.

Осыларды майын тамызып әңгімелегенімде, балабақшаның дайындық тобындағы кішкене қарындасым әшейін аузын ашады да қалады. Әлгінде тамаша бір кітапты тауыстым, ал кезекте қаншамасы тұр: мушкетерлер, барлаушылар туралы...

Рас, класта мені жеңілтек деп есептейтіндер бар. Көре алмағандықтан солай ойлайды. Олар кімдер дейсіңдер ме? Қыздар.

Әсіресе Арманда. Есімі қызық өзінің. “Французша қойылған ат”, – дейді Талап. Қызы туғанда папасы Францияда жүрген екен, сондықтан оған Арманда деп осынау оғаш атты қойыпты. Екінші буынына екпін қойылып айтылады. Ал мен қасақана үш буынын да бірдей екпінмен айтам. Жорта сөйтем, мазақтап айтам. “Әй, Арманда, нені армандап отырсың?” – деймін. Ұнатпаймын өйткені. Шошаңдаған бір пәле. Бастық, отряд советінің председателі.\*

Жалпы, біздің кластағы бастық біткеннің бәрі қыздар. Отряд советінің мүшелері де, класком да, тіпті спорт командасының капитаны да... Бірақ бұлар өздері ғана белсенді боп жүре берсе, бір

\* Бір класта (сынып) оқитын пионерлер бір жасақ деп есептелетін, оны сол кезгі қолданыстағы термин бойынша отряд, ал оны басқаратын алқаны совет, алқа төрағасын председатель дейтін.

сәрі ғой, “ұлдар анандай”, “ұлдар мынандай”, “ұлдар қағаз қалдықтарын жинауға қатысқан жоқ”, “маршруттар бойынша альбомдардың бәрін өзіміз жасадық” деп зар илейді де жүреді. Үзіліс сайын тықактап мазамызды алады. Жиналысқа салады.

Қазір олар балалардың біразын илеулеріне көндіріп алды. Өзім, әйтеуір, дес берген емеспін. Айтқандарын тындамаймын. Жындардан кашып кетем. Есіл уақытты түкке тұрғысыз жиынпынға, темір-терсек іздеуге қор қылып не керек? Одан да кітап оқымаймын ба? Сол ана Талап сияқты жігерсіздер-ақ қыздарға қосшы бола қойсын.

Токта, мыналар кім? Бұрылыстан айнала бере көзім шалып қалды: балабақша шарбағынан бір топ ұл-қыз шығып, әрмен кетіп барады. Тап-таныс. Сырттарынан-ақ көзге жылы ұшырайды. Олланы, біздің кластың оқушылары. Қазір анықтайық...

Жылдамырақ жүре бере, еріксіз кілт тоқтай қалдым. Жүрегім бір түрлі шымырлап кетті. Анау қоңыр тонды қыз – Арманда, ал оның оң жағындағы қоян терісінен тігілген үлкен құлақшын киген бала, сөз жоқ, Талап.

Олар ұзаған соң, сөлбірейіп, қақпаға беттедім.

Бір түсініксіз көңіл-күймен балабақшаның есігін аштым. Атаналар иіріліп тұрған жап-жарық бөлме есігіне барып, ішке сығаладым. Қарашаш мені бірден көрді де, орнынан ұшып тұрды. Қолындағы пластилин мен жасап жатқан керігін қағаз қорапқа салып, текшеге апарып қойды. Әлі үстел айналасында пластилинмен әуреленіп отырған бүлдіршіндермен, сонау төр жақта ойнап жүрген балаларға бірдеңе айтып жатқан тәрбиеші апаймен қолтасты. Содан кейін бері шығып, қабырға бойы ұзыннан-ұзақ қойылған киім ілгіш шкафты жағалап кетті. Мен сонынан ілестім.

Ол көкте қалықтаған аппақ көгершіннің суреті бар есікті ашты. Екеулеп киімін іріктей бастадық. Киініп болғанынша былдыр-былдыр етіп тынбай сөйлейді.

Өзім де сезіктеніп тұрған нәрселер жайлы айтады. Мен елемегенсимін.

– Нурик, ал сен неге олармен бірге келмедің? – дейді Қарашаш тоқыма кеудешесін түймелеп тұрып.

– Неменеге? – деймін наразы үнмен.

– Арманда тәтей сондай жақсы, – дейді ол менің сөзімді елең қылмағаны былай тұрсын, өз сауалына жауап та тоспай. – Білесің бе, ол бізге қызғылт піл туралы ән үйретті.

– Тез киінсеңші. – Менің шыдамым таусылып барады.

Жайбарақатын...

– Білесің бе, енді олар біздің жетекшіміз болады!

Қандай дауасыз! Ертең өскенінде тура Арманда тәрізді шошақай болар да шығар!

– Ылғи келіп тұрады. Талап деген ағатай, өзі тура сендей, бізге кімдердің пионер бола алатынын түсіндірді. Бірақ біз әлі пионерге өтпейміз.

– Е, неге? – деймін ызадан жарыла жаздап. – Өте салсаңдаршы.

– Көктем шығады, жаз келеді, сосын бірінші класка барамыз ғой – сонда октябрыт\* боламыз. Сосын барып пионерге алады. Нурик, пионер болған қандай жақсы, ә?

Үндемеймін. Әбүйір болғанда, жауап тосып сарылатын Қарашаш емес, бакшаларындағы балақайларға жетекші болып келген біздің балалардан алған әсерін әрмен қарай әңгімелей береді.

Далада түнге бергісіз ымырт орнапты. Қарауытқан зәулім үйлер. Қызыл, сары, көгілдір түстерге боянған жыпыр-жыпыр терезелер.

Қарашашты жетектеген күйі өз-өзімнен ашуланып келем. Жаңа балабақша алдынан көрген кластастарым ойымнан шығар емес.

– Білесің бе, Нурик, – дейді Қарашаш шынтағыма жармасып. – Арманда тәтей келесі келгендерінде спектакль көрсетеміз деді. Аңдар патшалығы туралы. Арманда тәтей марал болып ойнайды...

Қарындасымның бұл хабары мені тіпті күйдіріп жіберді.

– Тезірек жүрсейші! – дедім зекіп.

– Иә, әп-әдемі марал... – Қарашаш сөзін кілт үзді. – Ал, сен қасқыр болатын шығарсың, – деді содан соң. менің қолым ілгері қарай тартып жұлқып қалғанымды жақтырмағандықтан, торсия сөйлеп.

– Мен ештеңе де болмаймын.

– Боласың. Арманда тәтей айтты. Бүкіл кластарыңмен әр түрлі аң-құстардың рөлін ойнайсыңдар, – деп нығарлады ол. – Мен одан сұраймын, мен одан Нұралыға қасқырдың рөлін беріңізші деп өтінем.

Менімен келісе алмай қалса, өстіп “Нурик” дегенін қойып, толық атыма көшеді. Әрі, енді, көрдіңіз бе, мені қалай ұнатпай тұрғанын. Даусымды жылытып, мен оған:

– Мен саған Том Сойер туралы айтып берем, – деймін.

– Керегі жоқ, – дейді ол бұртиып. – Сен қасқырды ойнайсың.

\*Төменгі сынып шәкірттерін сәбилердің қоғамдық ұйымына мүше етіп алғандарының белгісі ретінде осылай атаған. бұл Кеңес одағын орнатуға жол ашқан октябрь (казан) революциясының ең жас түлектері деген ұғымды білдіреді.

Міне, осындай менің қарындасым. Қырсық. Маған қасқырдың кейпін лайық көріп келе жатқанын қараңызшы. Ал, менің олардың үйірмесіне жолағым да жоқ. Мұны қайдан білсін, менің мына титімдей қырсық қарындасым.

Кенет мен ішімнен сол спектакльде ойнағым кеп тұрғанын сездім. Тіпті қасқырдың рөлін болса да...

Бірақ мен өзімді сол бір мезеттік әлсіздікке мағағым келмеді, мен тырысқан қалпыммен тісімнің арасынан сыздыктатып:

– Жоқ, – дедім, – саған одан да Рикки-Тикки-Тавиді айтып бермеймін бе?

Бірақ байқаймын, соны әңгімелеуге құлқым жоқ... Қырсық қарындасымның өзінше сыздап:

– Ал мен оны білемін, – дегені де жақсы болды.

Үндемедім.

Үйге де жеттік-ау.

Қарашаш қолымды сілкіп тастап, секең-секең оза берді. Сол беті менен бұрын подъезге кіріп кетті. Шыдамай барады, жаңалығын папам мен мамама айтпаққа асығулы ғой...

Ал менің көңілім құлазып, ойым әр қиырға бір шарықтады.

Спектакль... дегенмен, берген рөлдерін ойнап көрсем қайтер екен. ә?

## АҚ МЫСЫҚ ЖӘНЕ ОҢ ҚАНАТТЫЛАР

### 1

Жазғы каникул басталысымен, Жарас әжесінің аулына жүріп кетті. Онда ол екі ай бойы мейман болды. Екі ай бойы табиғат төсінде асыр салып, үйге мол гербариймен оралды. Гербарийден басқа ол өзімен бірге титімдей аппақ мысық және жаз қызықтарынан қанша айтса таусылмас әсер ала келді.

Ол демалыстағы көрген-білгенін бізге ұзақ әңгімеледі.

Бүгін таң атқалы Жарас мысығының өнерін тамашалатуда. Керемет ойыппаз мысық. Қимылдаған нәрсе – көрсе көзі жайнап, құйрығы тіп-тік боп қақшиып шыға келеді. Ізінше тарпа бас салады. Ал жоғарыдан салбыраған жіпті көзі шалса болды – тістеп байқағанша тыным таппайды. Белін бүкірейтіп шамалы тұрады да, атылады кеп. Ол атылғанда Жарас жіпті сәл жоғарырақ көтере қояды. Сонда мысық қайта ұмтылады. Не керек, биіктікке секіруден тамсантарлық “рекордтар” жасайды.

– Мысықтың арғы атасы жолбарыс екенін айтты әжем, – дейді Жарас маған. – Сол рас сөз, аға, иә? Қарашы, аумайды ғой? Бұл – үй барысы. Сондықтан да ақылды барыс. Мінеки!

Жарас жұдырығын созды. Мысык оған жетіп барды да, бір аяғын білегіне салып қойып, тырнағын батырмай, екінші аяғының май табанымен жұмулы жұдырықты ақырын қакқылады. Одан сояу-сояу тістерін ақситып, сүйек кеміргендей тістелей бастады. Әрине, түк ауыртпайды. Жарас ырза.

Ырзалығы соншалық, қызыл шүберектен кішкентай қарғы істеп, мысықтың мойнына байлап қойды. Сосын оның жолына әр түрлі кедергілер тұрғызды. Кедергілер үстімен жіпке байланған тігін машинасының шығыршығын шоршытты. Оған мысык тәуір-ақ елікті. Мұрты тікелейіп, қуып береді. Алқызыл қарғы-галстугімен жайнаңдап, орындықтан орындыққа секіреді.

Біз мәзбіз. Үйдің ішін көшіріп жатқандай шашып тастадық. Мұнымызға апамыз ашу шақырды. Ас үйдегі шаруасын тастай салып, алжапқышымен жетіп келді. Жетіп келді де, катуланып:

– Мына ақымақтық ойындарыңды доғарып, тез бөлмені жинастырмасаңдар – түстіктен үміттенбеңдер, – деп бізге саусағын безеді.

Жарастың анасы қатал кісі. Айтқанын екі етпейді. Біз шамалы ойландық та, орындықтарды өз орындарына қоя бастадық.

Кімнің аш қалғысы келсін. Күрсініп, шашылған майда-шүйде заттың бәрін жинастырып жүрміз.

Диванға үнсіз отыра кеткеніміз сол еді, топ ете түскен дыбыс елең еткізді. Біздің жолбарыс сервант үстінен еденге үлкен ақ аюмен қоса ұмар-жұмар құлап түсіпті. Тұра сала жанталасып, өзінен үш есе үлкен қуыршақпен алысып жатыр. Ескерту ұмытылып кетті. Әп-сәтте қайтадан маңымыздың астан-кестенін шығардық.

## 2

Кенет қоңырау шылдыры естілді. Біз тына қалдық. Апамыз есікті ашып, әлдекіммен сәлемдесіп жатыр. Біз мысықты жайына қалдырдық та, жылдамдатып айналамызды ретке келтіруге кірістік. Сырттан келгендерге ұқыпсыздығымызды көрсеткіміз келмейді.

– Жарас, – деп айқайлады апасы. – Саған Жанар келіп тұр.

Жанар – Жарастың кластасы. Бізден бір кабат жоғары тұрады. Жарас екеуміз ауыз үйге шықтық. Ақ бантик таққан Жанар маған:

– Сәлеметсіз бе, – деді.

Біз амандастық. Ол Жарасқа бұрылды:

– Жарас, сен Пионерлер Сарайына бармаушы ма едің?

Жарас онысын ұмытып кетсе керек. Қалт тұра қалды да:

– Қазір, – деп кері айналды.

Жүгіре басып бөлмесіне беттей бергенінде, төргі үйдің табалдырығында жермен-жексен боп бұғып жатқан мысық оған секіре бас салып, аяғына оратыла кетті. Бірақ мысыққа Жарас бұл жолы алаңдаған жоқ. Сонда да Жанар істің мән-жайын ұға қойға тәрізді. Басын шайқады. Маған тік қарап:

– Жарас әлі күнге мысықпен ойнай ма? – деп сұрады.

“Онда тұрған не бар екен? – деймін ішімнен. – Мысықпен Жарас түгіл, одан жасым төрт есе үлкен мен де ойнаймын”. Дегенмен, жалтара жауап қатам:

– Бұл – көңілді мысық. Мұнымен ойнағандардың іші пысықтайды.

Жанар жібір емес:

– Пионерлер мысықпен ойнамайды, – деп кесіп айтады.

Мен таңырқаймын:

– Неге? Зеріккен кездерде осындай ойынпаз мысықтың қылықтарын бір мезгіл қызықтағаннан не зиян бар?

– Пионерлерге зерігуге уақыт жоқ, – деді Жанар.

Мен тағы сауал қойдым.

– Қалайша?

Жанардың кескіні сұмдық байыпты. Тәмпіш танауын көтеріп, мақтанышты үнмен былай деді:

– Білесіз бе, сіз, Нұркен ағай, Москвада комсомолдар съезі болған. Онда комсомол ағалар Совет Одағының барлық пионеріне, яғни бізге үндеу қабылдады. Біз осы бастан өзімізді нағыз пионерге, комсомолдың лайықты ізбасарына сай ұстауға тиіспіз.

– Дұрыс-ақ, – деймін мен, – ал ол үшін не істемексіндер?

– Ең алдымен жақсы оқу, әрине. Сосын...

Ол тақ-түк етіп жоспарларын баяндай бастады. Мен де қызығып, әрнені сұрастырдым.

Екеуіміздің сұқбатымыз Жарас төргі бөлмеден шыққанша созылды. Жарас мектеп формасын киіп үлгеріпті. Алқызыл пионерлік галстугі жарасымды-ақ. Жанардың қасына келді. Алда күтіп тұрған қызық істерін енді екеулеп баяндады. Өздерінің байсалды адамдар екенін байыпты әңгімелерінен танытты да, екеуі асығыс түрде Сарайларына кетті.

Мысық олардың соңынан ілесе беріп еді, тура тұмсығының

алдынан есік сарт жабылды. Аңырып қалды. Бір мияулады. Сосын мойнын бұрып, мені көрді. Көрді де, екі-ак секіріп жаныма жетті. Енді екеуіміз ғана ойнаймыз.

### 3

Күн батып қалған. Жұмыстан қайтып келем. Аялдамадан сәл кейін шегініп, үйге апаратын жолға бұрыламын. Бұрылам да, таң қалғаннан көзімді қайта-қайта жыпылықтатам. Себебі алдымда сөмкелерін бұлғандатып Жарас пен Жанар кетіп бара жатты. Сабактары түсте біту керек-ті. Осынша уақыт қайда жүрді екен? Өздері ақырын аяндап, бірденеге қызу дауласып барады. Лезде қуып жетем. Қатарласа беріп:

– Менің достарым бүгін екі күннің жоспарын бір-ак орындаған ба? – деймін.

Олар маған жалт қарап, күлімдейді. Барлық тәрбиелі балаларша, Жанар менімен әдепті түрде сәлемдеседі. Сосын:

– Біз өте қызық семинарда болдық, Нұркен ағай, – дейді.

– Білесің бе, папа, біз отрядымызбен жас лениншілдер шеруіне қатыспақпыз, – деп қостайды оны Жарас.

– Ол қандай шеру? – деп сұраймын мен.

Жанар нәзік даусымен сөге сөйлейді:

– Қандай шеруі қалай? Сіз шынымен білмейсіз бе?

Ұялып кетем. Білмейтінім рас. Бірақ мен өзімнің осалдығымды сездіргім келмейді. Қиындықтан құтқарушымдай көріп, Жарасқа қараймын. Ол менің жағдайымды ұғына қояды. сөйтіп іле тіл қатады:

– Комсомол ағалардың үндеуіне жауап. Тұңғыш рет Ленинградта өткен пионерлік слетте қабылданған. Биыл ғана марш шарты бекітілді. Біз бүгін оның ережелерімен кеңінен танысып келеміз.

– Енді білем, – дедім мен көңілденіп. – Қазір сендердің жоспарларыңды естіген соң, бұдан да жақсы білетін болам.

Олар маған отрядтары қатыскалы отырған жорықтың егжей-тегжейін түсіндіруге екеулеп, бар ынталарын сала кірісті. Үйге кірерде мен өзімді тап солардай пионер секілді сезіндім.

### 4

Жарас мысықты мүлдем ұмытып кетті. Үйде сабакқа мұқият дайындалады. Бос уақытында сурет салумен шұғылданады. Кейде гакпак жаттайды. Әредік Жанармен бірге мектепке.

көркемөнерпаздар үйірмесіне барады.

– Балабақшаға концерт қоюға әзірленіп жүрміз, – дейді ол. – Біздің отряд сәбилерге камкорлық жасап, оларды мектеп оқушысы болуға лайықтап баулуды өзінің міндеті деп есептейді.

Жанар толықтырып қояды.

– Ал, біз бірінші класс оқушыларымен тіпті доспыз. Олар – октябрияттар. Ал октябрияттар – біздердің ізбасарларымыз. Біз оларға пионер тарихын үйретеміз. Өз қатарымызға өтуге әзірлейміз.

Шынында, олардың кішкене балалармен араларында терең достық орнаған. Бірде мен Жарасты қаланың мектептен де, үйден де алыс жағынан кезіктірдім. Иығынан ғана келетін баланы жетектеп алған. Сөмкелері қолдарында.

– Біздің камкорлығымыздағы кластың оқушысы, – дейді ол маған салмақпен. – Бүгін ата-анасы келмепті. Бұл әлі кішкентай ғой, үйін ташнай адасуы ықтимал. Көшеден өту тәртібін әзірге дәл сақтай білмейді. Сондықтан мен үйіне ертіп апара жатырмын.

Бір күні Жарас маған комсомол белгісін таққан талдырмаш бала жігітті ертіп әкелді. Отрядтарында пионер жетекшісі екен. Тоғызыншы кластың үздігі көрінеді. Есімі – Есберген. Ол өзінің пионер отрядын жұмысшы табымен жақынырақ таныстырмақ.

Теміржол депосында болғымыз келеді, – дейді ол. – Мені мектебіміздің комсомол комитеті сізбен ақылдасуға жіберді. Бесінші кластың оқушылары депода не көре алады?

Мен шамалы ойландым да, олардың цехтарға экскурсия жасауына болатынын айттым.

– Одан басқа, атакты еңбек ерлерімен кездесу өткізуге болады. Біздің депода көптеген “жұмысшылар әулеті” бар.

Мектептің комсомол комитетінің өкілі Есберген:

– “Жұмысшылар әулеті” деген не? – деп сұрады.

Мен оның өзіне сұрақ қойдым:

– Жомарт Тоғаев деген кісіні естуің бар ма?

– Әрине, білем. Социалистік Еңбек Ері. Ол ағай біздің мектепте қонақта болған.

– Сол ағайдың атасы – Түркісіб темір жолын қолымен салғандардың бірі. Ал әкесі тепловоз жөнделді. Пенсияға шыққанша сол жұмыста істеді. Өзі әкесінің жолымен жүрем деп, әне, батыр атанып отыр. Ал оның баласы кәсіптік-техникалық училищеде оқып жүр. Ол ертең, училище бітірген соң, депоға орналасып, әкесінің қатарында тұрады. Мамандық осылайша әкеден балаға ауысып жатқан жайды біз құрметпен, мысалға, темір жолда бекем ірге



тепкен “Тоғаевтар династиясы” яғни “Тоғаевтар әулеті” бар дейміз де, өздеріңдей жеткіншектерге үлгі етеміз.

Есберген бұған қызыға калды. Табан астында ойына оралған жоспарын айтты. Мен мақұлдадым.

Кешікпей жоспарлаған іс-шарасы жүзеге асырылды

Бәрін білуге, шұқып, ұстап көруге балалар неткен әуес. Цех ішін олар ұзақ аралады. Жұмыс орындарымен әбден танысты. Содан соң қызыл бұрышка жиылып, еңбек ардагерлерімен кездесті.

Алқызыл галстук тағынған бесінші кластың оқушыларының арасында Тоғаевтардың жұмысшы әулеті түгел отырды. Құрметті демалыста жүрген қадірменді аксақалдан бастап, оның курсанттық киім киген немересіне дейін. Олар жұмысшы мамандығының қырсырын мақтанышты сезіммен әңгімеледі. Кішкентай қыздар мен балалар оларды көздері жалт-жұлт етіп, тыныс алмай тыңдады.

Үйге келген соң, Жарас маған бүкіл кеш бойы экскурсиядан алған әсерін айтумен болды.

## 5

Жарас сабағын оқып отыр. Үстелдің бір бұрышында шокиған мысық пырылдап оған қарап қойды. Жарас кітабын жапты да, қаламсабын алып, бірденелер жазуға кірісті. Осы кезде әбден іші пысып отырған ойыншыл мысық оның қаламсабына бір-ак атылды. Атылды да сазайын тартты. Жарас оны қолының сыртымен қағып жіберді. Мысық еденге домалап түсті де, тез үстел астына кіріп кетті. Жарас жазуына қайта үңілді. Мен оған еріксіз көңіл аудардым. Бұрын ол мысығының еркелігін көтере беретін.

Ол қаламсабын дәптерінің үстіне қойды да, маған бұрылып:

– Мен күнделік жүргізіп жүрмін. аға, – деді.

– Оған не жазасың?

– Отрядымыздың жұмысын. Аға, мен коммунистік жастар ұйымына мүшелікке кіруге шейінгі өтетін жолымызды қағазға түсіріп отыруға бекіндім. Шежірешімін мен.

Ол маған мақтанышпен қарады. Сосын дәптерін парактап, алғашқы бетін ашты да, жоғары бұрышына салынған кітаптың суретін нұсқап:

– Мұнда Білім еліне жасаған саяхат бойынша жүргізген жұмыстарымызды жазамыз, – деді – Үлгермеушілерге көмек, екілікті жойып, үштікті азайту үшін күрес. Әр түрлі пәндік үйірмелерге біріміз қалмай қатысу. Қара, мен мұнда көп жазып қойдым. Осы тоқсанда үлгерімі жоғары отрядтар қатарына

көтерілеміз деп шешім қабылдағанбыз. Мынау сол колданып жатқан шараларымыз туралы.

Ол бірнеше паракты аударды.

– Біз одактас республикалар тарихын оқып-үйренуге кірістік. Одақтың түкпір-түкпіріндегі достарымызбен хат жазысып жүрміз.

Жарас күнделігінің бұлардан басқа тағы да көптеген тарауы жөнінде сыр шертті.

## 6

Жұмыстан оралып, үйге кіре бергенім сол, алдымнан қуанышты айкайға басқан Жарас шыға келді.

– Аға, біз “оң канатты” отряд атандық!

Жөппелдемеде түсінбей каламын. Түсінбегенімді көзімді жыпылықтатқанымнан қапысыз таныған Жарас:

– Марштың оң канаттысы! Қалай ұқпайсың? – деп наразы үн катады. – Оң канатты, яғни, озық, алдыңғы қатарлы, басқаға үлгі, – деп нығарлайды.

– Ұқтым. Марштарың қашан?

– Ой, аға! Марш баяғыда жүріп жатыр! Қызметі жас лениншілдер Маршының барлық бес маршрутына сай жүргізілген отряд “оң канатты” деп аталады. Міне, бүгін бізге осындай құрметті атақ берілді. Енді біз аяғымызды тең басқан отрядпыз. Керемет қой, ә?!

Екі көзі жайнап, демін екі иығынан алып тұр.

– Әрине, керемет, – деймін мен.

Оған қосыла қуанам.

Жарас үстел басында күндегіден ұзақ отырды. Күнделігіне отрядының даңқты шежіресін жалғастырып жазып жатқанына мен күмәнданбадым.

Ақ мысық үстелдің екінші басында оның жазуына көз тігіп, ақырын пырылдайды. Пионер досының маңызды жұмыстармен айналысып, ойнауға қолы тимей жүргенін бес-алты айдан бері әбден түсінген болу керек. Қасында тыныш қана шокиып отырады. Зеріксе, ештеңені бүлдірмей, өзімен өзі ойнайды.

## МЕНИҢ ДОСЫМ

Үй тапсырмаларын орындап боламын да, тысқа шығамын. Подъезд алдындағы ұзын ағаш орындықтың орта тұсында аппак кимешек киген әжем әп-әдемі боп отыр. Мен оның қолындағы

тәспісіне қараймын. Әр тасты бірінен соң бірін ақырын тартып тұрған әлсіз тарамыс саусақтарына қараймын. Одан сонадайдағы бөбектер ойнайтын шағын алаңға көз тастаймын. Анау әткеншекті көкке шарықтата бір тепкім кеп кетеді. Бірақ олай етпеймін. Мен сәбиліктен іргемді аулақ салғалы қай заман. Мен бұл күнде он үштемін.

Құшағымды жайып керілемін. Даусымды шығара тыныс алам да, қолымды төмен қарай сілке тастаймын. Сосын әжемнің қасына келіп отырамын.

Менің әжем өте кәрі кісі. Кәрі болғандықтан да, қадым заманғы хиссалар мен ертегілерді көп біледі. Сұрасаң болды, айта береді. Жалықпайды. Тек өзің тыңдай біл.

Жанына отырғанымда маған әжім-әжім жүзін бұрып:

– Сабағыңды оқып біттің бе, Қайыржан? – дейді әжем.

– Иә, – деймін. – Әже, адалдықтың пірі жайындағы аңызды айтыңызшы, – деп өтінем сонан соң.

Әжем күлімсірейді. Бұл оның ең жақсы ертегісі. Мен мұны әрдайым құмартып тыңдаймын. Әжем ешқашан тауымды қайтарған емес.

– Пәлі, жаттап алатындай болған жокпысың ендігі, – деп бір қояды да, тамағын кенейді.

Есіктен әдемі киінген бір бала жүгіре басып шықты. Біз жаққа тіпті мойнын бұрмастан, қарсы алдындағы әткеншекке сәлемдескендей:

– Амансыз ба, – деп дыбыстады да өте берді.

– Жақсы ма, қалқам, – деп әжем ертегісін үзе күбір етті.

– Руслан, – дедім мен.

Ол артына қарады.

– Кел, қайырымдылық тәңірісі туралы әңгіме тыңдайық.

– Уақыт жок. – Ол жүре берді. – Бүгін біз роботқа жаңа бағдарлама құрастырамыз.

Тамаша бала бұл Руслан. Сұңғақ бойын тәкаппар ұстап, асыға адымдаған қалпы жөніне кетіп барады. Соңынан сүйсіне қараймын. Мен оны өзімнің жолдасым деп есептеймін және онымен жолдастығымды мақтан тұтамын.

Мәселе тек екеуміздің бір подъезде тұратындығымызда ғана емес. Біз бір мектеп, бір сыныпта оқимыз. Екеуміз де мына көшенің арғы бетіндегі мектептің шәкіртіміз. Ана көрінген жер асты жолының сол жағымен көтерілсеңіз – тура біздің мектепке барасыз. Зәулім, үлкен мектеп.

Міне, сол мектептегі төбеге көтерер санаулы үздіктердің бірі – осы Руслан. Жанып тұрған от дерсің. Жиналыстарда қалай жатық сөйлейді! Ағып тұр әшейін. Білмейтіні жоқ. Үйіндегі кітаптарын айтсайшы. Бір рет ертіп апарып маған көрсеткен. Космос, кибернетика, телемеханика жөніндегі менің тісім батпайтын кітаптар сыңсып тұр-ау, сыңсып тұр. Бұл оның күнде біреуін қолтықтап жүреді.

Өзі қалалық пионерлер сарайындағы жас техниктер үйірмесінің маңдайалды өнертапқышы. Әлгінде айтып барады ғой: роботқа жана бағдарлама құрастырамыз деп. Білесіз бе, олар сонау адам кейіпті ғажап автоматтарын жақында ғана жасады.

Ал сол роботтарының ескі программасының өзі таңдай қақтыруға жарарлық. Істемейтіні жоқ, еден сыпырудан бастап шахмат ойнауға дейін ешкімнен қалыспайды. Нағыз электронды-механикалық интеллектуал. Және ең кереметі: оның бас конструкторы – менің досым. Міне, қалай!

Бұрышты айналып кеткенінше, Русланнан көзімді айырмаймын. Сосын әжеме бұрылам.

Мынаны кара, тағы бір тындаушы келіп қалыпты. Көбей. Ол да менімен түйдей жасты, осы үйде, екінші подъезде тұрады. Жанымызға келді де:

– Әже, сәлеметсіз бе? – деп қос қолын ұсынып, сәлем берді.

Ол ылғи өстіп амандасады.

– Көп жаса, қалкам, – дейді әжем оның сәлемін алып.

Ұдайы осылай.

Қарсысында ізетпен кібіртіктеп тұрған балаға сүйсіне көз салып, әке-шешесінің есен-саулығын сұрайды. Ежіктеп, әрқайсысын атап сұрайды. Анау да, ең арғысы, мамасының тұмауратып қалғанына дейін ұмытпай, мейлінше толық жауап қайтарады. Екеуінің есік алдында кезігіп қалғанын көрсең болды, сондай диалог тағы қайталанды дей бер. Әрдайым солай. Қазір де сол баяғы ән.

Олар әдеттегі рәсімдерін аяқтағанша, мен электронды ми жасап жүрген Руслан досым жайлы тағы бір толғана ойлап үлгерем.

Кенет есіме өзімнің аңыз естімекке ниеттенгенім түседі де, әжеме жалт бұрыламын. Көбей әлі кетпепті. Кетпегені былай тұрсын, әжемнің ар жағында жайғасып отыр.

Осы Көбей-ак әжемнің әңгімелерін тындағыш.

– Әже, адалдық пен зұлымдық туралы ертегіңізді айтыңызшы, – дейді. – Ойымда қалғанын жазып қойып едім. – Ол қолындағы дәптерін көрсетті. – Енді тексеріп алу керек болып тұр.

Мен таңырқаймын:

– Оны неғыласың?

Көбей ықыластана жауап қайтарады:

– Білесің бе, біздің әдебиет пәнінен беретін ағайдың айтуынша, бұл бір тұнған парасат сабағы, мұнда адамгершілік жөнінен тәлімді нәрсе көп. Жазып алуға кеңес берген сол кісі. Кеше ғана үйірмеде мазмұнын айтып беріп ем...

Расында, қыртыс-қыртыс әжімдеріне шейін мейір төккен әжем өзінің қырық жылғы әңгімесін мың пәленшесінші мәрте айта бастағанда, ол дәптеріне қарап, жазғандарымен салыстырып отырды. Бірденелерді түртіп қояды. Артынан әр жерін қайта сұрап, толықтырып алды.

Бұл басы ғана екен.

Бір сәт әжемнің өзімдікі екенін сездіріп қоймақ болып:

– Қайырымдылық пірі жайындағы ертегіні білмейсің сен, – дедім мен оған. – Әжемнің аңыздарының ең асылы.

Сол-ақ екен, Көбей ұшып кете жаздады. Аһылап-уһілеп, елпектеп:

– Айтып беріңізші, әже, – деп емінді де қалды.

Менің әжем керемет кең пейіл. Ешкімнің меселін қайтармайды.

Ол әжемнің аузынан естігенінің бәрін көшіріп алуды дағдыға айналдырды. Күніне қасына кеп отырғаны.

Әжем кейде сыртқа шығуды ауырсынып, жатып қалады. Ондайда Көбей біздің үйге келіп, әжемнің әлсіз сыбырмен жеткізген күшті ертегілері шығып жатқан аузына қалқан құлағын жіті тосқан қалпы, бас жағында дәптеріне шүкшияды да отырады.

Мен онымен дос емеспін. Руслан оны тіпті көзіне де ілмейді. Бірақ ол бізбен жолдас болуға құмар. Әйтеуір, есебін тауып жақындасқысы келетін де тұратын сияқты. Маған жұғысудың ретін келтіргенін қарағын, әжеме үйір болғансып жүр. Арагідік менен әрнені білгісі кеп, мектебіміз, класымыз жөнінде түрлі сауал қояды.

Өзі біздің мектепке бармайды. Алысқа автобуспен қатынап, қайдағы бір мектеп-интернатта оқиды. Сонда жататын, жан-жақтағы ауылдардан келген балалармен бірге оқитын көрінеді. Сонысын білгендіктен ғой, Русланның оны “колхоз”\* деп менсінбейтіні.

---

\* Ұжымшар. “ұжымдық шаруашылық” деген тіркестің қысқартылған түрі. Біздің кейіпкерлеріміз өмір сүрген кезеңде тек орысша атауы қолданылған. ал бұл жерде қалалық балалар ауылдық жерден келген құрбыларына “артта қалғандықтын” белгісі ретінде осы атауды таңып отыр.

Бір күні ол менің ішек-сілемді қатыра күлдірді. Қайтіп дейсіз бе? Ол Русланды аяйтын көрінеді. Естимісіз, аяйды! Ал, ендеше! Руслан мұны шыбын құрлы көрмейді, ал ол... Күлемісіз, күлмеймісіз?!

“Неге?” – деймін мен оған күле қарап.

Ол маскара салмақты жүзбен күрсініп алып:

“Руслан енді өмір-бақи мыналарды түсіне алмай кетеді ғой”, – дейді.

“Мыналары” – килы ертегі, хисса, аңыз жазылған әлгі дәптерлері.

“Е, кибернетикке оның не қажеті бар? – деп қоям мен езуімді жимай. – Дегенмен, оқысын десең, аударып бер, сонда көресің, түсіне ме, жоқ па...”

Айтуын айттым да, тілімді тістей алдым. Көбей оның казакша білмейтінін айтып тұр-ау... Иә, сұмдық байыпты кескінімен маған тік қарап:

“Жиырмасыншы ғасырдың соңында, төрт құбылаң түгел осынау тамаша заманда сауатсыз болғандарға жаның қайтіп ашымасын”, – дейді.

Шынымды айтсам, оның бұл жаңсақ сөзі менің де қытығыма ептеп тиетінін сезем, бірақ сыр бермеймін. Әңгімені басқа жаққа бұрып жіберем.

Сосын болуға тиіс нәрсе болды. Әбден қартайған наукас әжем бізді тастап, қайтпас сапарға кетті. Бір жаман күндер өтті. Үш күн сабаққа барған жоқпын.

Анда-санда аңғарам, қасымда бұйра басы үрпініп Көбей отырады. Үндемейді. Дыбысын шығармай отыра береді. Тапжылмай екі-үш сағат боп, ертесіне тағы келеді.

Ақыры сабаққа шықтым. Класқа кіре берісте Русланмен қатар кеп қалдым. Иық тіресіп, ішке бірге ендік.

Мен саған көңіл айтамын, – дей салды ол, жол-жөнекей, партамызға беттей бергенімізде.

Маған бұл күн сұмдық көңілсіз болды. Үйге сопиып жалғыз қайттым. Келдім де, подъезд алдындағы орындыққа сылқ етіп отыра кеттім.

Мұнда ылғи әжем отыратын.

Бір кезде сонадайдан:

– Не бітіріп отырсың? – деп жүре сауал тастап, қасымнан Руслан өтті.

Үйірмесіне асығып бара жатса керек.

Енді біраздан соң Көбей көрінді. Бері бұрылып, үн-түнсіз қасыма отырды.

Бірақ мен не оған сөйлемеймін, не ол туралы ойламаймын.

Менің көз алдымда – Русланның сөре-сөре боп көздің жауын алған кітапханасы. Онда бәрі бар: космос туралы, кибернетика туралы, телемеханика туралы... Русланға олар робот жасау үшін керек. Оның сықиған текшелерінде әжем айтатын ертегілер ғана жоқ... Өйткені робот адамгершілік сабағына мұқтаж емес... Қажет нәрсенің бәрі бағдарламаланған...

Көзімнің қиығы Көбейге түсіп кетті. Қолында тысы таныс қалың дәптер бар екен. Ақырын аударыстырып қарауда. Ол әжемнің аузынан жазып алған аңыздарды өзімен бірге көтеріп жүр. Мектепке, үйірмеге апаратын көрінеді, сыныптастарына оқып та беріпті. Енді, міне, менің жанымда парактап, әр жерінен шолып, кейбір қызықты да тәлімді жерлерін еске түсіруде.

Ол менің әжемнің аңыздарын қайта оқып отыр...

Жүрегім шым ете түсті.

## БЕТБҰРЫС

### Қолғанаттар

Еркеш қала мектебінде оқиды. Ол жазғы каникулын ауылда өткізгенді ұнатады. Ауылда туысканы, әрі досы Сәтібек бар. Сәтібек те Еркештің каникулға келуін асыға тосады. Жылда екеуі сағыныса қауышады. Содан жаңа оқу жылы басталғанша, жұптарын жазбайды. Суға түседі. Күнге қыздырынады. Бұзау бағады. Ойнайды.

Әсіресе, жайлауға шыққанды жақсы көреді. Жайлауда олардың қойшы атасы Сейсен бар.

Сейсен ата – кеңшардың байырғы шопаны. Кеңшар орталығынан малшыларға ылғи газет-журнал, кітап тасып тұратын машина бар. Сол машина өз отарына келгенде, әсіресе одан жазғы демалысқа шыққан қос немересі түсіп жатқанда, Сейсен ата төбесі көкке жеткендей қуанады.

Өйткені немерелері кішкентай болғанмен, ақылды, қолғабысын тигізуге әрқашан даяр. Елең-алаңнан мал жайып кеткен атасына сәскеге қарай екеуі тамақ, сусын апарып береді. Сосын түсте қой суаруға жәрдемдеседі.

Сейсен ата оларға риза. “Менің қолғанаттарым”. – деп сүйсініп,

мандайларынан сүйеді, арқаларынан қағады. Себебі немерелері алдынан шықса болды – құдық басында мал топырламайды. Екеуі еппен қайырмалап, қойлардың астау бойына еркін сыйысып тұруын, суды қанып ішуін бақылайды.

Осылайша екі дос жыл сайын шопан атаның нағыз көмекшісі болып жүр.

## Кесір

Бірақ биыл достар жайлаудан жылдам қайтты.

Күн ыстық еді. Көктемнен бері бір тамшы жаңбыр жаумаған. Құрғақшылық. Жайлаудың шөбі ерте күйіп кетті. Көк шалғынның жылдам сарғайғаны былай тұрсын, бір отар қой жапырлай жайылып бір мәрте өтсе болды – бұрқырап шаңы шығады.

Өріс күннен-күнге құдықтан алыстай берді. Сейсен ата бір күні:

– Қырға қоныс аударамыз, – деді. – Әйтпесе мына жерде малды әбден арықтататын түріміз бар.

– Ура! – деп қосарлана айқайлады екі дос. – Қашан көшеміз?

– Ертең. Таң ата үйді жығу керек...

– Түйемен көшеміз бе, ата? – деп сұрады Еркеш. – Мен жүктің үстіне отырайыншы!

Былтырғы бір көш есіне түсіп, қиыла өтінді.

– Ал мен қой айдаймын, – деді Сәтібек.

– Бұл жолы екеуің де орталыққа қайтасың. Көші-қон қиын. Жол алыс. Шаршайсындар.

– Біз түк те шаршамаймыз, ата...

Дегенмен, аталары айтқанынан қайтпайды. Балалар кеңшар орталығына оралуға тиіс. Онда ойын да, қызықты шаруа да көп. Ал, мұндағы бейнет ауыр. Аспан айналып жерге түсіп тұр. Малды түнделетіп, оты бар жерлерге жайылтып, асықпай айдау керек. Сонда, екі күн ішінде, темір жол стансасына жетіп қалады.

Ал онда бір отар қойды бөлмелеп платформаларға тиейді. Сосын аталары қойларымен бірге пойызға мініп, алыс сапарға бет алады. Сөйтіп, қоңыр салқын самал ескен, шөбі шүйгін Сарыарқадан бірақ шығады. Жол алыс, бұлар тәрізді кішкене жеткіншектер үшін ауыр.

Ауа райының қолайсыздығы өстіп Еркеш пен Сәтібектің үйреншікті жазғы демалысына да кедергі жасады.